



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990. – 216 б
2. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар: Толықтырылған екінші басылым – Алматы: Ғылым. 1990. – 136 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқ. М.Б.Қасымбеков, жобаның ғыл. Жетекшісі А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 544 б

ӘӨЖ 81'373.2

ТҮРКИЗМДЕР ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫ РЕТІНДЕ

Жүсіп Айдана Қазықанқызы

Dana_03_93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің

1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., Г.О.Сыздықова

Қазақ тілі – халықтық өлшем атауларына бай тіл. Бұл тіліміздегі халықтық метрологиялық лексиканың өзге ұлт тілдеріне сіңісіп, бүгінгі күні кірме сөз ретінде ажыратуға келмей қолданылып жүргендігімен де анықталады. Бұл қатарда орыс тілінде кездесетін түбі түркілік халықтық өлшем атауларының да өзіндік маңызы бар.

Солардың бірі – *аршын* сөзі. *Аршын* – орыс тілінде жиі пайдаланылатын өлшем атауы. *Аршын* – метрге тең өлшем. Түркі тілдерінің деректерінде, бұл атау (аршын) метрге тең емес және небары 0,711 метр немесе 71 сантиметрді құрайды. Бұл сөздің түп төркіні әртүрлі түркі тілдеріне қатысты қарастырылады. Соның бірі иран тілінде: *арш* – шынтақ. Ғалым В. Радловтың көрсетуінше, арш – шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралық. «Арш» сөзі түркі тілдеріне ауысқаннан кейін *-ын* қосымшасын жалғап алған да, одан әрі орыс тіліне өткен [1].

Аршын сөзін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «метрге жуық ұзындық өлшемі» деп келтіреді [2, 355]. Татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, түрік тілдерінде *аршын* сөзі *аршин*, *аршын*, *аршан* түрінде орын алады. Жоғарыда *аршын* сөзінің этимологиясының иран тілінен бастау алатындығын негіздесек, зерттеуші Е.Аққошқаров: «Парсы тілінен енген бұл өлшемнің бастапқы дәл мағынасы – шынтақтан саусақтың ұшына дейінгі аралық» [3, 23] деп тұжырымдап, сөздің түп-төркінінің парсы тілінен шыққанын айғақтайды. Бұл – ұзындық өлшемін білдіретін «шынтақ» мағынасында славян тілдеріне енген деген пікірді зерттеуші-ғалымдардың көпшілігі құптайды.

Бұл атаудың шығу төркіні жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдардың көпшілігі парсы тілінен түркі тілдеріне түбір формада «арш» болып еніп, *-ын*, *-ун* қосымшалары жалғанып, кішірейту-ұқсастыру мағынасын берген деп тұжырымдайды. Мысалы, этимолог-ғалым Ә.Нұрмағамбетов «Сөз сырына саяхат» еңбегінде парсы тіліндегі «арш» сөзі бізде шынтақ деген мағына береді, кейде шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралықты да «арш» деп атайтынын тілге тиек етеді. Өз ойын ғалым былайша толықтырады: «Аршын – ұзындық өлшемі. Ол қазір қолданылып жүрген «метр» өлшеміне жуық. Бұл сөздің төркіні – парсы тілі. Олардағы «әрш» сөзі бізде шынтақ деген мағына береді. Кейде шынтақ пен саусақ ұшына дейінгі аралықты да «арш» деп атайды. Міне, осы түбірлердің біріне *-ын* жұрнағы қосылып, ұзындық өлшемін білдіретін «аршын» атауы пайда болған» [4, 62]. Кейбір әдебиеттерде *хан аршыны* деген атпен саусақтың ұшынан мұрынның ұшына дейінгі аралыққа тең өлшем де ұшырасады.

Тағы бір назар аударатын мәселе: *аршын* сөзінің өлшем мағынасынан бөлек басқа

мағынада қолданылатындығы. Бұл сөздің әуелде қандай мағына бергендігін қазіргі тіліміздегі «көгершін» сөзі нақты дәлелдейді. Көпшілікке бұл құстың ағы да, сарысы да, басқа да түрлері бар екені, бірақ көк түстісі аса жиі ұшырасатыны, соған байланысты сол түрі жалпы атауға айналғаны және осы құстың тілімізде «кептер» деген де аты бар екені белгілі. Ақ түстісін әдеби тілде жиі қолданылатын «көгершінмен» тіркестіріп, бір түстің үстіне екіншісін қабаттастырып айтатынымыз бар. «Көгершін» сөзінің құрамындағы «ершін» сөзі – «аршын» сөзінің өзгерген тұлғасы. Демек, көне тілде кептердің «аршын» деген де атауы болған. Сол құстың ерекше бұлтиып тұратын төсіне ұқсатып, атам қазақ «аршын төс», «аршындап жүру – кеудесін керіп жүру» деген бейнелі тіркес жасаған [5, 4]. Сонымен қатар *аршын* сөзі Бұқар жырау толғауында өлшемдік мағынадан өзге мағынада, нақтылап айтқанда, «күміс, күміс әшекей» мағынасында жұмсалғандығын да айтып кетуімізге болады («Төсі аршынды сұлудың...»). Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігінде: аршын ноғай тілінде «күміс және күміс әшекей» дегенді білдіреді деп анықтайды да, «төсі аршынды бай қызы», яғни «омырауы қымбат әшекейге толы байдың қызы» деген мағынаны білдіреді.

Ал *аршын* сөзінің түркизм ретінде орыс тілінде қолданылуына қатысты тарихи ақпаратты Фасмердің сөздігінен аламыз. М.Фасмер сөздігінде: «Аршин – мера длины с XVI в., Тюрк. заимств.: ср.тур., тат., кыпч., *arsun* «аршин», чагат. *arsun* -то же» [6, 92] деген анықтама берілген. Н.М.Шанскийдің сөздігінде: «Аршин. заимств. в XVI в. из татарск.яз. Татарск.аршын – «15 или 16 вершков – локоть»; восходит к перс.*ars* – «локоть», 15 или 16 вершков» [7, 29] делінген.

Дегенмен көптеген түркі тілдерінде шынтақ атауынан гөрі аршын атауының қолданылу аясының кең екенін, өлшемдік мәнінің басымдау екенін байқауымызға болады. Бұл атаудың шығу төркіні жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдардың көпшілігі парсы тілінен түркі тілдеріне түбір формада *«арш»* болып еніп, **-ын**, **-ун** қосымшалары жалғанып, кішірейту-ұқсастыру мағынасын берген деп тұжырымдауға болады.

В.И.Дальдің сөздігінде *аршын* сөзіне «длина всей руки от плеча» анықтамасымен қатар, «вольный шаг человека» деген анықтама беріледі [8, 21]. Түркі тілдерінде бұл сөз шынтаққа қатысты қарастырылғанымен, қадамға да қатысты екендігін ескеру қажет. Себебі *аршын* сөзінің мағыналық реңктері (семалары) бұл күнде қолданылатын **аршындау**, **аршындату**, **аршынды** сөздерінің ауыспалы мағыналары ретінде көрсетілген мағыналарына негіз болғаны байқалады: *Аршында* сөзі ауыспалы мағынада *адымдай басу*, *аяғын кең басу*, *Екпіндеу*, *шарықтау*, *қарыштау*, *өрлеу* [9, 674-675] мағыналарын береді.

«*Аршын* сөзі орыс тілінде қай уақытта қалыптасты» деген сұраққа Г.Я. Романова «Наименование мер длины в русском языке» атты еңбегінде мынадай тұжырым келтіреді: «XV ғасырдың соңында орыстың жазба ескерткіштерінде аршин атауының қолданылуын Москва мемлекетінің Польша-Литвалық грамматикасында князь Иван Васильевич пен король Казимирге жіберілген қонақтардың тізімінен көреміз. Мұнда Каф каласынан тауармен шығып, Литва қалаларында тонауға ұшыраған керуендердің кейіннен тізімдеп, тауарларын санай бастағанда, осы тізімнің ішінен алғаш рет аршын сөзін кездестіреді. Мұнда ол «Кафин аршыны» деген тіркеспен берілген сөздің «матаның ұзындық өлшемі» мағынасын береді» [10].

Орыс тілінде өлшем атауы ретінде қолданылатын келесі бір түркизм – *батпан* сөзі. Батпан – салмаққа байланысты қолданылатын өлшем атауы. *Батпан* атауы түркі тілдерінде *батман*, *batman*, *патман*, *badman* сияқты әртүрлі фонетикалық варианттарда кездеседі. *Батпан* сөзі туралы ең көне пікір XI ғасырдағы жазба ескерткіштерге тән. М.Қашқари сөздігінде *батпан* қанша килограммға тең екені нақты көрсетілмеген.

Батпанның шығу төркіні туралы Р.Г. Ахметьяновтың берген мәліметіне назар аударсақ, татар тілінде батпанға «балды сақтау үшін және балдың салмақ мөлшерін білдіру үшін ерте уақыттарда бүтін ағаш дінінен (өзегінен) жасалған ыдыс» ұғымы сәйкес келеді. Ол 12 фунт бал 4 пұт бидайға тең болған, Еділ бойы халықтары үшін ол кезде фунт және пуд сөздері белгісіз болған. Осыған орай бал 1:15 немесе 1:16 сәйкестікте бидайға айырбасталған болар дейміз» деген [11, 16]. Батман атауы башқұрт тілінде «төгілген заттарды өлшейтін ежелгі

салмақ өлшемі” деп көрсетілсе, татар диалектісінде “бір батманға сәйкес келетін шашылып-төгілетін заттардың да ыдысын батман деп көрсеткенін” атайды. Мұнымен қатар батман атауы башқұрт тілінде “сауыт ” (колчан) және “салқын қойма ”(погреб) деген мағынада да кездеседі.

Парсыша сөздікте *батман* сөзіне мынадай анықтама берілген: «*батман**, *батпан**. Салмақ өлшемі (оның мөлшері әр елде әртүрлі болады). «Пұт болдым»,— деп, мақтанба, Одан да ауыр *батпан* бар. «Биікпін» деп мақтанба, Асқар алатаудың да Ар жағында аспан бар». «Басыма бақыт қонды» деп, «Кем емеспін енді» деп, Зауалды жалған дүниеге біле-білсең баспандар (*Ы. Шәреков*)».

Э. Севортян тіл мамандары арасындағы мынадай екі түрлі болжамға тоқтайды: бірі – батпан сөзін безменмен байланыстыра келіп, сөз түбі араб тіліндегі салмақ мағынасын білдіретін – «вазн» сөзі парсыларға ауысып – «вазнан» болып, содан «батман» түрінде түркі тілдеріне өткен; екіншісі – сөз түбірі «бат» етістігі [12, 81].

Негізінен, XIX ғасырда Орта Азия мен Қазақстан территориясына орыстың «пуд» салмақ өлшемі қолданысқа еніп, соған сәйкестендірілген бір батпан өлшемі он пұт, яғни 170 кг болып есептелген. С.Е.Жанпейісова батпанның мынадай мағыналық түрлерін атап көрсетеді: «Батпан. 1) батман (мера веса от 4 до 16 пудов в Ферганской долине, 12 пудов в долине реки Талас). 2) сев. батман (неопределенное, большое по весу количество чего-л) 3) батман (мера земли-около двух десятин в долине реки Талас) [13, 138].

Салмақ өлшемін білдіретін *батпан* атауының Шығыс елдердегі сауда-саттық қарым-қатынас пен салық төлеу жүйесінде кейінгі кезеңдерде кең көлемде қолданылған өлшем болғаны көптеген деректерде аталып өтілген.

Қазақ халқының этностық таным-түсінігінде салмақ өлшемін білдіретін *батпан* атауы сандық жүйемен алғанда нақты қанша килограмм көрсететінін дәл басып айтпаса да, оның басқа салмақ өлшемдерімен салыстырғанда аса ауыр зат мөлшері мағынасында кеңінен қолданылатын мәдени мазмұнды тілдік бірлік екенін осы атаумен байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден, фразеологиялық символдардың мазмұнынан байқауымызға болады. Мысалы *батпан* сөзіне байланысты: ***бұл не деген батпан құйрық, су түбінде жатқан құйрық; пұт болдым деп мақтанба, одан да ауыр батпан бар; бала атадан батпан артық туады*** деген мақал-мәтелдерде бұл атау аса ауыр салмақ өлшемі болуымен қатар, этностың өзіне тән ментальдық табиғатынан да хабардар етеді.

Ал *батпан* сөзінің орыс тілінде алғаш рет қашан пайда бола бастады деген сұраққа жауап іздеу үшін қайта Г.Я. Романова еңбегіне жүгінеміз. Ғалымның айтуынша, сөз алғаш рет «Хождения Афанасия Никитинада» кездеседі. Батпан өлшемі Шығыспен сауда-саттық жасауда қолданылған. Батпан өлшемі қырым, кавказ, саратов, тамбов және т.б. болып бөлініп, әртүрлі пұт өлшемдерін білдірген. Мәселен, Еділ бойынша батпан 10 фунтқа тең болса, қырым батпаны 18 фунтқа тең болған.

Қорыта айтатын болсақ, бүгінгі күні қабылданған халықаралық метрологиялық терминдердің толық қорының болғандығына қарамастан, орыс тілінде түбі түркі тіліне тән халықтық өлшем атаулары лексикалық қабатта өз белсенділіктерін жоймаған. Керісінше, сіңісіп, бүгінгі таңда этимологиясына үңілмесек, кейбірінің түркизм екендігін анықтаудың өзі қиын.

Мақалада *аршын* және *батпан* сөздеріне талдау жасау негізінде олардың түп-төркіні қай тілге тән екендігін, орыс тілінде қай уақыттан бері пайдаланып келе жатқандығы анықталды. Орыс тілінде бұл атаулар өлшем мәнінде ғана қолданылса, өз лексикамызда мағынасының кеңейіп, түрлі мағынада, мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде қолданылатындығы аңғарылады.

Мұндай этнолингвистикалық, этимологиялық тұрғыдағы жұмыстар тілдің лексикалық қабатының бір бөлшегі болып табылатын халықтық өлшем атауларының ерекшеліктерін одан әрі зерттеп, жаңалықтар ашуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бес жүз бес сөз. - Алматы: Рауан, 1994.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1974. - 696-б.
3. Аққошқаров Е. Халық арасына кең тараған байырғы өлшемдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. - №12. – Б. 22-23.
4. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. - 304 б.
5. Жәлелұлы Б. Көне сөзде көп сыр бар // «Ана тілі» газеті. – 2006. - №52. – Б.4.
6. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Том 1. – Москва: «Прогресс», 1964. - 562 с.
7. Шанский Н.М., Иванов В.В., Шанская Т.В. Краткий этимологический словарь русского языка. – Москва: «Просвещение», 1975. - 543с.
8. Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. – Москва: ЗАО Изд-во ЭКСМО-ПРЕСС, 2001. - 736 с.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 1-том. - 752 бет.
10. Романова Г.Я. Наименование мер длины в русском языке. Москва: Наука, 1975.
11. Ахметьянов Р. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья / Р.Г.Ахметьянов. - М.: Наука, 1981.
12. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва, 1974, 1978, 1980.
13. Жанпейісова С.Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы: Филол. ғ.к. ... дисс. - Алматы, 1996.

ӘОЖ81`373.6

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАНУАРЛАР МЕН АҢ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы

adilet_2_97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Жануар атауларының тіл білімінің зерттеу нысанына айналғанына көп уақыт болды. Түркітануда осы тақырыпта жазылған алғашқы зерттеу еңбегі 1961 жылы жарық көрді. Түркітанушы ғалым А.М.Щербак «Названия домашних и диких животных в тюркских языках» атты еңбегінде түркі тілдеріндегі жануар атауларына алғаш рет салыстырмалы-тарихи талдау жасаған [1]. Ғалым түркі тілдерін талдау барысында моңғол және тұңғыс-маньжур тілдеріндегі жануар атауларын көрсетіп, олардың ең көне формалары мен кірмелену көздерін анықтаған. Бұл еңбекте сөздердің этимологиясы сынға алынған. Түркі формаларын талдауда ғалым түр-тұқымға қатысты атауларды, піштірілген аталық, тұқым аталық, аналық, төл және жасы бойынша топтарды, сонымен қатар диалектілік нұсқаларды қарастырды. Еңбекте зоонимдерге сөзжасамдық талдау жасалып, атаулардың фонетикалық, құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері көрсетілген.

1975 жылы К.Мусаевтың «Лексика тюркских языков в сравнительном освещении» атты еңбегі жарық көрді. Онда ғалым мал шаруашылығы терминологиясының қалыптаса бастаған көне заманында түркі тілдерінің ортақтығын атап көрсетеді. Таралу деңгейіне қарай терминдерді былайша бөліп қарастырады: 1) түрік тілдерінің барлығында, я көбінде бір тұрақталған мағынасында, я өзге мағынада қолданылатын сөздер; 2) түрік тілдерінде бір я сәл өзге мағынасында аз таралған сөздер; 3) белгілі бір түрік тілінде не түрік тілдерінің жекелеген диалектінде ғана кездесетін сөздер. Автор, сонымен қатар, атау таралуының ареалдық сипатын атап өтеді. Мысалы, қыпшақ тілдерінде *сиыр* мен *қоян* сәйкесінше *сыйыр*, *қойан* болса, оғыз тілдерінде – *инек*, *тавшан* [2].

К.Ибрагимов «Древнетюркские названия животных в лексике современных тюркских языков» диссертациясында ежелгі түрік жазба ескерткіштерінде кездесетін қазіргі түркі